



«БЕКІТЕМІН»

Колледж директоры

К. Алдияров

«01» қыркүйек 2021ж.

ШЖҚ «АҚТӨБЕ ЖОҒАРЫ ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» МКК БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ

АЖПК білім алушыларының қауымдастығы:

- Колледждің жоғарғы санатты және адамгершілігі аса жоғары мамандарды дайындау миссиясын жүзеге асырудағы өз жауапкершілігін сезіне отырып;
- Колледж қауымдастықтың бірлескен мәдениетін қолдау мен дамытуды, АЖПК-ның Қазақстан Республикасындағы кәсіби мамандарды дайындаудың жетекші орталығы және отандық білім берудің көшбасшысы ретіндегі имиджін сақтауды өзінің міндеті ретінде санай отырып;
- Колледжде студенттермен, қызметкерлермен және жоғары оқу орнының әкімдігі арасында шынайы демократиялық қарым-қатынастар жүйесін қалыптастыруға ұмтыла отырып;

АЖПК студентінің аталып отырған Ар-намыс кодексін қабылдайды және оны қалтқысыз орындауға міндеттенеді.

1-бап.

АЖПК студенті Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, АЖПК Жарғысына, Ішкі тәртіп Ережесіне, Жатақханада тұру Ережесіне және басқа да АЖПК-ның нормативті актілеріне бағынады.

2-бап.

АЖПК студенті ұлттық мәдениет пен Қазақстан мемлекетінің қалыптасу тарихын біледі және оларды қастерлейді, колледж дәстүрлерін кіршіксіз сақтайды және оларды құрметтейді.

3-бап.

АЖПК студенті басқа студенттермен, оқытушылармен және АЖПК әкімдігінің өкілдерімен қарым-қатынас барысында ізеттілік, кішіпейілділік және ұқыптылық танытады.

4-бап

АЖПК студенті кез келген азаматқа оның шығу тегі мен ұлтына, әлеуметтік дәрежесіне, діни немесе дүниетанымдық ұстанымдарына қарамастан, құрметпен қарайды.

5-бап.

АЖПК студенті өзінің оқу міндеттерін қатаң орындайды, төмендегідей академиялық нормаларды бұзушылыққа жол бермейді:

- плагиат;
- алдау;
- шпаргалка пайдалану, білімді бақылаудың барлық деңгейлері мен түрлерінен өту барысында көшіру және біреуден сұрау;
- білімді бақылау процедурасынан бөтен тұлғаның атынан өту;
- жоғары баға алу үшін туысқандық немесе қызметтік байланыстарын пайдалану;
- пара беру;
- оқытушыны алдау және оны сыйламау;
- сабақтарды жіберу және кешігу, оқу сабақтарына немесе олардың бір бөлігіне белгісіз себептермен қатыспау.

6-бап.

АЖПК студенті колледж мүлкінің сақталуына қамқорлық жасайды және колледж аумағында жүгенсіздік көріністерінің орын алуына жол бермейді.

7-бап.

АЖПК студенті колледждің кітапханалық-ақпараттық ресурстарына қамқорлықпен қарайды және бұл ресурстарға қатысты салғырт қараушылық пен нұқсан келтірушілікке жол бермейді.

8-бап.

АЖПК студенті ұқыптылықты сақтайды. Оның сыртқы түр келбеті этикалық және эстетикалық нормаларға сәйкес келеді.

9-бап.

АЖПК студенті салауатты өмір салтын ұстанады, өзінің мәдени, адамгершілік және тұлғалық даму деңгейін жетілдіруге ұмтылады, колледжтің қоғамдық-мәдени, ғылыми және спорттық өміріне белсене атсалысады.

10-бап.

АЖПК студенті колледжде және оның аумағынан тыс жерлерде де құқық бұзушылық әрекеттерге жол бермеуге тиіс.

11-бап.

АЖПК студенті тәртіп бұзуға бағытталған ақпараттың таратылуына жол бермеуі, сондай-ақ заңмен рұқсат етілмеген жиналыстарға, демонстрацияларға, митингілерге, ереуілдерге, акцияларға және шерулерге қатыспауы тиіс.

12-бап.

АЖПК студенті колледж мүддесіне қайшы келетін және АЖПК имиджі мен беделіне нұқсан келтіретін кез келген іс-әрекетке қатысудан бой тартады.

13-бап.

АЖПК студенті аталған Кодекс ережелерінің бұзылуын анықтаған сәтте оны өз күшімен түзетуге тырысады, ал мұндай әрекет мүмкін болмаған жағдайда бұл келеңсіздіктер туралы студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарына немесе колледж әкімдігіне хабарлауға құқылы.